

FTAMP 14.33.07

<https://doi.org/10.26577/JES87220261>

**М. Тұрсынбайқызы¹, Қ.Т. Әтемова^{1*},
М.Д. Мырзағұлова², М.М. Байбекова³**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада қазіргі қоғамның көпмәдениетті ортада тиімді өзара әрекет жасай алатын мамандарға деген қажеттілігінің артуы мәселесі қарастырылды. Білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы жан-жақты анықталды. Зерттеудің мақсаты – колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың теориялық және практикалық негізін айқындау. «Мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымының пәнаралық сипаты ескеріле отырып, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап айқындалды. Педагогика ғылымында бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізілгенімен, колледж студенттері арасында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмегені байқалды. Әртүрлі мәдени дәстүр өкілдерінің өзара әрекетіне кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі – болашақ мамандардың кәсіби қызмет салаларындағы мәдениетаралық құзыреттілік деңгейінің төмендігі.

Авторлар «құзыреттілік» және «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашып, олардың құрылымы мен негізгі компоненттеріне сипаттама берді. Зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттерді зерделеу және студенттердің мәдениетаралық құзыреттілік деңгейін диагностикалау әдістері алынды. Экспериментке Астана қаласының «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінен» 90 студент қатысты. Колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілік компоненттерін бағалауға арналған көрсеткіштер мен өлшемдер айқындалды. Мақаланың қорытындысында колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұсынылды. Қорытынды жасалып, аталған үдерістің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, мәдени құзыреттілік, мәдениетаралық құзыреттілік, колледж студенттері.

M. Tursynbaikyzy¹, K.T. Atemova^{1*},
M.D. Murzagulova², M.M. Baibekova³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³Peoples' Friendship University named after Academician A.Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

Theory and Practice of Developing Intercultural Competence Among College Students

The article addresses issues related to the increasing demand in contemporary society for specialists capable of effective interaction in a multicultural environment. The importance of forming intercultural competence as one of the key tasks of the education system is emphasized. The aim of the study is the theoretical and practical substantiation of the development of intercultural competence among college students. Approaches of both domestic and international researchers are analyzed, taking into account the interdisciplinary nature of the concept of "intercultural competence." Despite the considerable number of studies in pedagogy, insufficient elaboration of the issue of forming intercultural competence specifically among college students is demonstrated. One of the factors hindering interaction between representatives of different cultural traditions is the low level of intercultural competence among future specialists in various professional fields.

The authors elucidate the essence of the concepts "competence" and "intercultural competence", and describe their structure and key components. The research methods included the analysis of scientific literature and diagnostic methods for determining the level of intercultural competence among

students. The experiment involved 90 students from the «College of Catering and Service» in Astana. Indicators and criteria for assessing the components of intercultural competence among college students were identified. In the conclusion of the article, the results of the experimental work aimed at developing intercultural competence among college students are presented. Conclusions were drawn, and methodological recommendations aimed at increasing the effectiveness of this process were proposed.

Keywords: competence, cultural competence, intercultural competence, college students.

М. Тұрсынбайқызы¹, Қ.Т. Атемова^{1*},
М.Д. Мурзагулова², М.М. Байбекова³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

*e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

Теория и практика формирования межкультурной компетентности у студентов в колледжах

В статье актуализированы вопросы повышения потребности современного общества в специалистах, способных эффективно взаимодействовать в поликультурной среде. Подчеркивается важность формирования межкультурной компетентности как одной из ключевых задач системы образования. Цель исследования – теоретико-практическое обоснование развития межкультурной компетенции студентов колледжа. Проанализированы подходы отечественных и зарубежных исследователей, в том числе учитывая междисциплинарный характер понятия «межкультурная компетентность». Несмотря на наличие значительного числа исследований в педагогике, показана недостаточная проработанность вопроса формирования межкультурной компетентности именно у студентов колледжей. Одной из причин, затрудняющих взаимодействие представителей различных культурных традиций, является низкий уровень межкультурной компетентности у будущих специалистов в разных профессиональных сферах.

Авторы раскрыли сущность понятий «компетентность» и «межкультурная компетентность», описали их структуру и ключевые компоненты. Методы исследования: анализ научной литературы, методы диагностики уровня сформированности межкультурной компетентности у студентов. В эксперименте приняло участие 90 студентов «Колледжа общественного питания и сервиса» г. Астаны. Выявлены показатели и критерии, по которым можно оценить уровень развития компонентов межкультурной компетентности студентов колледжа. В завершение статьи представлены результаты экспериментальной работы по формированию межкультурной компетентности у студентов колледжа. Сформулированы выводы и предложены методические рекомендации, направленные на повышение эффективности данного процесса.

Ключевые слова: компетенция, культурная компетенция, межкультурная компетенция, студенты колледжа.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының экономикалық өсу факторларының бірі – білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – кез келген мәдениетаралық ортаға бейімделуге және әртүрлі мәдени, діни және әлеуметтік ортадағы білім алушыларды табысты бейімдеуге мүмкіндік беретін маңызды құзыреттерге ие жаңа буын мамандарын дайындау болып отыр. Қазіргі заманғы білім беру болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктері мен мәдени құндылықтарымен қатар мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыруға, түрлі тұлғалармен қарым-қатынасқа дайын болуын қамтамасыз етеді.

Әлемдік экономикадағы жиі өзгерістер мен жаһандану процесінің күшейген жағдайында

ынтымақтасу, диалог құру және кәсіби салада мәдениетаралық коммуникацияны тиімді жүзеге асыру қабілеті көпмәдениетті қоғамда табысты қызметтің маңызды шарты болып саналады. Қарқынды ақпараттық қоғамда студенттердің өз ойын нақты жеткізе білуі, әртүрлі көзқарастарды түсінуі және тыңдаушының позициясын құрметтеу дағдылары ең алдымен тілдік, мәдени және әлеуметтік кодтарды үйлестіруді қажет етеді.

Қазақстандық білім беру жүйесінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту қажеттілігі отандық контекстпен тығыз байланысты. Еліміз көпұлтты және көптілді қоғам ретінде ерекше әлеуметтік-мәдени ортаға ие болғандықтан, білім беру бағдарламалары мәдениетаралық диалогқа даярлықты қамтамасыз ететін кешенді тәсілдерді қажет етеді. Қазіргі заманғы қазақ білім беру мультикультурализм, этносаралық өзара

түсіністік және диалогқа ашықтық мәселелерін жүйелі алға тартады. Осы ретте білім беру саясатында да көпмәдениетті білім беру ортасын құру, мәдениетаралық қарым-қатынасты қолдау және ұлттық мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету маңызды. Сондықтан оқу бағдарламаларына мәдениетаралық құзыреттілікті енгізу тек оқу материалын жаңартумен шектелмей, сонымен қатар студенттердің әлеуметтік-мәдени қабілеттерін, тұлғааралық және кәсіби деңгейдегі коммуникативтік дағдыларын да жүйелі түрде дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты – колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың теориялық және практикалық негіздемесін ұсыну.

Әдебиеттерге шолу

Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы педагогика, әлеуметтану, психология, мәдениеттану және т.с. ғылымдардың түрлі салаларындағы зерттеу объектісі болып табылады. Сондықтан мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы әртүрлі амалдар тұрғысынан түсіндіріледі.

Жалпы мәдениетаралық құзыреттілікке қатысты Bennet, M. Byram (2019), S. Bochner, W. Gudykunst, E. Hirsh, Y. Kim, L. Samovar, S. Storti, S. Schneider (2020) және Т.Н. Астафурова (Хуторской, 2018), Е.М. Верещагин, Н.Д. Гальскова, Т.Г. Грушевицкая, Т.В. Елизарова, В.Г. Костомаров, О.В. Лешер, Р.П. Мильруд, А.А. Мирослобов, Е.И. Пассов, И.Л. Плужник, В.Д. Попков, А.П. Садохин, Я.М. Саидова (2020), В.В. Сафонова, С.Г. Тер-Минасова, И.И. Халеева, Р. Кошербаев (2023), Г.К. Шолпанқұлова, Э.Э. Сұлтанова (2024), Л.А. Шкутина (2012), А.А. Жайтапова (2015) және т.с.с. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Аталған ғалымдардың көпшілігінің еңбектерінде мәдениетаралық құзыреттілік мәдениетаралық коммуникация процесіне тиімді қатысуға және жаһандандудың жағымсыз әсерлерінен аулақ болуға мүмкіндік беретін жаһандық қоғамға сәтті кірігудің қажетті шарты ретінде қарастырылған.

Бірқатар авторлар мәдениетаралық құзыреттілік құрылымына (толеранттылық, эмпатия, ізгі ниет) «жеке қасиеттерді, мәдениетті білуді (тіл, құндылықтар, әртүрлі қарым-қатынас құралдары және т.б.), қарым-қатынас дағдыларын жатқызады. Басқаша айтқанда, кез келген маманның мәдениетаралық құзыреттілігінің негі-

зі – адамның маманның жеке қасиеттері болып табылады. Мәдениетаралық өзара әрекеттесу тиімділігі шарттарының бірі коммуниканттардың мәдениетаралық айырмашылықтарды тануы мен талдау қабілеті болып табылады. Ал бұл белгілі бір жеке қасиеттерді талап етеді, мысалы, өмірге деген басқа көзқарастарға төзімділік, адамның басқа тәжірибесі, басқа нормалар мен мәдени идеялар, эмпатия, мәдени дәстүрлер мен мінез-құлық ережелерін құрметтеу, шет тілінде дұрыс сөйлесу қабілеті. Сөйлеу әрекетінің адекватты желісін анықтау, әңгіме барысында күтпеген бұрылыстарға икемді әрекет ету, ұсынылған жағдайға сәйкес сөйлеу құралдарын пайдалану, ақылға қонымды эмоционалды жауап негізінде жұмыстағы басшылар мен әріптестердің мәлімдемелеріне жұмсақ қатынастың нақты әдістерін дәл таңдауында деп ойлаймыз және өзара әрекеттесу барысында өз мәдениетімен салыстыру маңызды аспект екені назарда болуы керек. Жалпы мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысушы өзінің және шетел мәдениетінің сана бейнелерін игере отырып, осы бейнелер арасындағы айырмашылықтарды ой елегінен өткізіп, содан кейін оларды қарым-қатынас процесінде ескеруі қажет. Әртүрлі мәдени дәстүр өкілдерінің қарым-қатынасын қиындататын негізгі мәселелердің бірі мәдениетаралық құзыреттілік деңгейінің төмендігі болып табылады.

Тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуі колледжде шет тілдерін оқыту тәжірибесінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту жолдарын зерттеу қажеттілігіне әкеледі. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы мәдениетаралық тұлғаның қасиеттері бар заманауи маманды дайындаудың жаңа әдістері мен технологияларын іздестірудегі білім беру талаптарымен, сондай-ақ құзыреттілік көзқарас негізінде кәсіби білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігімен де айқындалады. Әрі оны болашақ мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру арқылы дамытуға болады. Мәдениетаралық құзыреттіліктің мағынасын түсіну үшін алдымен мәдениет ұғымының мәніне тоқталған дұрыс.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша мәдениет – қоғамның немесе әлеуметтік топтың – рухани және материалдық, интеллектуалдық және эмоционалдық ерекше белгілерінің жиынтығы. Ол қоғамдағы өмірдің барлық нысандарын, соның ішінде, ең аз дегенде, өнер мен әдебиетті, өмір сүру амалдарын бірге өмір сүру тәсілдерін, құндылықтар жүйесін, дәстүрлері мен нанымдарын қамтиды.

Белгілі ғалым А.Я. Флиер: «Тұлғаның мәдени құзыреттілігін оның тұрғылықты ортасына әлеуметтік сәйкестігінің параметрлерінің белгілі бір түрі ретінде де, сондай-ақ осы сәйкестіктің көрінуінің идеалды формасы ретінде сипатталады» деген анықтама береді және оның пікірінше адам балалық шағында мәдени құзыреттілік элементтерінің маңызды бөлігін меңгереді және оны өмір бойы қоршаған ортамен қарым-қатынас барысында үнемі реттеп отырады.

XXI ғасыр зерттеушілері М.В. Асанинова, Я.В. Ведомская, Г.Е. Моргунова, Н.В. Хорошловалар мәдени құзыреттілік ұғымының икемділігін және оның қазіргі қоғамның әлеуметтік тәртібімен байланысын растайды.

Мәдениетаралық құзыреттілік – әртүрлі мәдениет өкілдерінің бір құбылыстарға әртүрлі көзқарастары мен бағалауларында көрінетін ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлерді, құндылықтарды, менталитет, этномәдени сипаттарды білу мен қабылдауды білдіретін тұлғалық қасиет.

Мәдениетаралық құзыреттілік шеңберінің тұжырымдамаларын әзірлеген Майкл Байрам болды. Кейінірек ол мәдениетаралық құзыретті бағалау (INCA) жобасын жасады.

М. Байрам өз зерттеулерін М. Канале мен М.Суэннің бұрынғы зерттеулеріне негіздеді. Ол мәдениетаралық құзыреттілікті:

Қарым-қатынастар, білім, интерпретация және корреляция дағдыларының жиынтығы ретінде қарастырады (Yugan, 2019).

Әдеби дереккөздерді талдау зерттеушілер мәдениетаралық құзыретті «қоғамда әртүрлі этномәдени топтардың болуына және қоғамның әлеуметтік-саяси институттарының әртүрлі мәдени топтардың қажеттіліктеріне ерікті түрде бейімделуіне оң көзқарас» деп түсінетінін көрсетеді.

Ал, В.П.Фурманова: «...мәдениетаралық құзыреттілік – бұл екі немесе одан да көп мәдениеттерді салыстыру негізінде белгілі бір контексте оны адекватты түрде қолдана білу және бастапқы білімнің жиынтығы» деген анықтама береді. Демек, мәдениетаралық қарым-қатынас мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуды көздейді.

В.Б. Гудикунст мәдениетаралық құзыреттіліктің үш құрамдас бөлігін:

Мотивация (болжауға қажеттілік, алаңдаушылық сезімін болдырмау қажеттілігі, өзі туралы идеяларды сақтау қажеттілігі, жақындау-жалтару тенденциялары);білімділік (ақпаратты жинау жолын білу, топтық айырмашылықтарды

білу, тұлғаның ұқсастықтарын білу, балама интерпретацияларды білу);дағдылар (зейінді болу, белгісіздікке төзе білу, алаңдаушылықты басқара білу, эмпатияны сезіну, қарым-қатынасты бейімдеу, дұрыс болжау және дұрыс түсініктеме беру) деп анықтайды.

Сонымен, педагогтердің мәдениетаралық құзыреттілігіне қатысты әртүрлі ғылыми салалардың теориялық ұстанымдары мен зерттеулерін талдау келесі сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді:

1) мәдениетаралық құзыреттілік – оның құрамдас бөліктерін құрайтын білім, білік және дағдылардың жиынтығы;

2) мәдениетаралық құзыреттілік студенттерде оқу және педагогикалық тәжірибе барысында қалыптасады;

3) мәдениетаралық құзыреттілік жалпы кәсіби құзыреттер блогына енгізіліп, болашақ мамандарда базалық пәндер арқылы дамытылуы тиіс;

4) мәдениетаралық құзыреттілік Блум таксономиясы бойынша құзыреттердің барлық түрлерін біріктіреді.

Соңғы жылдары Қазақстанда мұғалімдердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту мәселелері белсенді түрде талқылануда. Бірқатар зерттеулер мәдениетаралық құзыреттілікке қатысты өзекті мәселелерді көтереді.Кейбір қазақстандық зерттеушілер мәдениетаралық құзыреттілік элементтері мен құрылымын шет тілін оқыту призмасы арқылы қарастырады. Олардың пікірінше, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті дамыту оқу орындарының жоғары курстарында жүргізілуі керек.Шетел тілі мұғалімдері коммуниканттарға әртүрлі әлеуметтік және коммуникативтік жағдайларда тиімді әрекеттесуге мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды міндетті түрде дамытуы тиіс. Бұл әрекеттестік мәдениетаралық коммуникация деп аталады. Оны әртүрлі этникалық және ұлттық топтар арасындағы тікелей немесе жанама байланыстардың нәтижесінде және процесте мәдениеттердің ақпараттық өзара әрекеттесуі ретінде қабылдауға болады.Сондай-ақ, отандық ғалымдар мәдениетаралық құзыреттілік «білім мен дағдыға негізделген ерекше сипаттағы құзырет, коммуниканттар үшін болып жатқан жайттың ортақ мағынасын тудыру арқылы мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыру қабілеті және сайып келгенде екі жақ үшін де қарым-қатынастың оң нәтижесіне қол жеткізу» деп атап көрсетеді.

А.В.Соболева мен О.А.Обданованың пікірінше, мәдениетаралық құзыреттілікті тұлғаның коммуникативті-танымдық ресурстардың жиынтығымен сипатталатын және оның мәдениетаралық қарым-қатынастың тиімді қатысушысы болуға мүмкіндік беретін белгілі бір білім, білік және дағдыларда көрініс табатын интегративті сапасы ретінде түсіну, ол оқыту процесінде мұғалім жасаған арнайы психологиялық-педагогикалық жағдайларда қалыптасады (Соболева, Обдалова, 2019).

Шетелдік ғалымдар мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру адам әрекетінің когнитивті, мінез-құлық және аффективті салаларына әсер ететін дағдыларды дамытуды талап ететінін атап көрсетеді. Олардың интерпретациясында мәдениетаралық құзыреттілік екі нұсқада қарастырылады. Бірінші жағдайда, мәдениетаралық құзыреттілік басқа мәдени қауымдастықтың өкілдерімен шынайы қарым-қатынасқа қатысу қабілеті, оның ішінде тілді, құндылықтарды және нормаларды білу. Екінші жағдайда, біз білімнің мұндай толық көлемі болмаған жағдайда коммуникаторлардың адекватты түсінуіне қол жеткізу мүмкіндігі мен қабілеті туралы айтып отырмыз, яғни мәдениетаралық құзыреттілік компенсаторлық стратегиялардың көмегімен және жаңа коммуникациялық модельді құрастыру арқылы пайда болған мәселелерді түсінуге табысты қол жеткізу және шешу қабілеті ретінде қарастырылады.

Мәселеге қатысты ғылыми жұмыстардың көптігіне қарамастан, мәдениетаралық құзыреттілік түсінігі әлі де жеткілікті зерттелмеген. Өйткені, оның мазмұндық және құрылымдық аспектілерінде мәдениетаралық құзыреттілік контурларын белгілеуді қажет деп санаймыз. Білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамыту мәселелері О.Р. Бондаренко, Н.Д. Гальсковая мен Н.И.Гез, Н.М. Громова (2018), Г.В. Елизарова, Н.Ф. Коряковцева, Р.Д.Льюиса, А.Ю. Муратов, Ю. Рот и Г. Коптельцева (2021), С.Г. Тер-Минасов, В.П. Фурманов, И.И.Халеева, Н.Ф.Кнапп-Potthof еңбектерінде әр қырынан қарастырылған.

Белгілі ғалымдар О.А. Акулова, И.С.Батракова, А.В. Козырев, Дж.Равен, А.П. Тряпицына, Н.В. Чекалелалардың пайымдауынша оқыту процесінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мәселелерін шешу үшін көпмәдениетті қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті студенттердің – болашақ мұғалімдердің қабілеттері мен қасиеттерін жан-жақты дамытуға мүм-

кіндік беретін барабар тәсілдер, әдістер мен әдістерді табу қажет, -деп түсінеді. Дегенмен, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мәселесі, соның ішінде колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастырудың әлі де қарастырылмағанын атап өткен жөн.

Авторлық талдау тұрғысынан қазіргі білім беру жүйесіндегі мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру бойынша халықаралық теориялық ұсыныстар әр түрлі деңгейде талқыланып келеді. Мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға арналған негізгі модельдер арасынан Bennet-тің мәдениеттер арасындағы сезімталдылық (Developmental Model of Intercultural Sensitivity), M.Byram мәдениетаралық құзыреттілік концепциясы, Bochner, Gudykunst, Storti сияқты ғалымдардың идеялары кеңінен танымал. Олар жанданудың жақсылықтарын қабылдап, мәдени алуан түрлілікті түсіну, эмпатия, тілдік-мәдени білімдер және өзге мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнату сияқты аспектілерді бірлесіп қарастырады. Сонымен қатар қазақ тілінде және қазақ мәдени контекстінде бұл мәселеге арналған отандық зерттеулерде толеранттылық, мәдениетаралық диалогты ұйымдастыру дағдылары, этносаралық қатынастарды қолдау және тілдік-моральдық кодтарды сақтай отырып білім беру сияқты бағыттар басым рөл атқарады. Қазақ авторларының еңбектерінде тілдік және мәдени кодтардың бірлігін қамтамасыз ету, этносаралық үйлесімділікті нығайту және көпмәдениетті білім беру контекстінде оқу бағдарламаларын бейімдеу мәселелері айқын көрінеді. Атап айтқанда, ұлттық білім беру жүйесінде мәдениетаралық диалогты ұйымдастыру және оқытудағы көпмәдениеттілікке бағытталған тәсілдер қазақ білім беру реформаларының негізгі бағыттары ретінде сипатталады.

Бірқатар шетелдік және отандық теориялық жұмыстарды салыстыра қарағанда, қазақ авторлары мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың ұлттық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескеріп, оқу мазмұнын жаңарту, тілдік-мәдени контексттерге бейімделу, диагностика жүйесін жүйелі түрде енгізу сияқты бағыттарды алға тартады. Мұнда ерекше назар аударылатыны – қазақ білім беру ортасында көпмәдениетті диалог және этносаралық қатынас қалыптастырудың практикалық құралдарын үйрету, студенттердің рефлексивті ойлау қабілеттерін дамыту және жоғары оқу орнындағы

тілдік-моральдық құндылықтарды күшейтуге бағытталған курстардың енгізілуі. Құзыреттіліктің құрылымдық моделдері бойынша әртүрлі авторлардың көзқарастары когнитивтік, эмоционалдық (аффективті) және мінез-құлықтық (әрекеттік) компоненттерді бір-бірімен өзара байланысты деп қарастырады. Мұндай амал тұрғысынан келу қазақ мәдени контекстінде де оқу үдерісінде кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет деген қорытындыға келуді қажет етеді.

Авторлық талдау бойынша қазіргі білім беру жүйесі мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру тек курстарға немесе бір пәнге тәуелді емес, керісінше ықшам интеграцияланған модульдер мен оқу-әдістемелік кешендерді қажет етеді. Яғни, оқу мазмұны халықаралық тәжірибені ұлттық тілдік-мәдени ерекшеліктермен сәйкестендіру арқылы бейімделуі керек, сонымен қатар оқу нәтижелерін кешенді бағалау жүйесі арқылы үнемі бақыланып отыруға негіз болуы тиіс. Қазақстан жағдайында бұл интеграция тілдік-моральдық құндылықтарды сақтай отырып, этномәдени әртүрлілікті түсіну және оны кәсіби қызметте пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Олай болса, авторлық аспектілерге сүйеніп, біздің зерттеу осы үш құрамдас компоненттің өзара тиімді ықпалын мейлінше айқын көрсететін тәжірибеге негізделген курсты ұсынады. «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» арнайы курсы арқылы оқу-тәрбие үрдісінде мәдениетаралық диалогқа дайындықты күшейту, өзара түсіністік пен тиімді қарым-қатынасты қалыптастыру және көпмәдениетті қоғамдағы этикалық жауапкершілікті көтеруді көздейді.

Қазіргі зерттеулерде мәдениетаралық құзыреттілікке бағытталған оқытудың тиімділігі контекстке байланысты өзгереді деп көрсетілді. Қауымдасқан зерттеулерде әдетте үш негізгі бағыт айқындалған: 1) оқыту әдісі бойынша дидактикалық және эмпирикалық тәсілдердің үйлесуі; 2) оқыту мазмұны бойынша жалпы мәдениет пен ерекше мәдениеттің үйлесімі; 3) негізгі нәтижелерге жетуге ұмтылатын салалар бойынша когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық нәтижелерді қамту. Қазақстандық зерттеушілер бұл үш бағытты да отбасы этникалық және лингвистикалық контекстпен байланыстыра қарастыруды ұсынады. Осы контексті ескеру арқылы оқу курстарын жобалау, мультимедиялық және интерактивті әдістерді кеңінен пайдалану, рефлексияға негізделген оқыту элементтерін енгізу – көпмәдениетті ортада тиімді

диалог құруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ұлттық мәдени кодтарды сақтау мен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеу арқылы оқушылардың көпмәдениетке оң көзқарасын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Авторлық талдау негізінде біз ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған курстар жобалауда төмендегідей бағыттарды ұсынуға болады деп санаймыз:

- бірінші, тілдік-моральдық компоненттерді қатар қарастыратын интегративті оқу модулі. Бұл модульге тілдік дағдыларды дамытуға байланысты материалдар ғана емес, бір тілдік ортадағы қабілеттерді әртүрлі мәдени кодтармен түсіндіру және түсінікпен байланысын орнатуға арналған тапсырмалар да енгізіледі;

- екінші, оқу мазмұнының ұлттық және ғаламдық құндылықтарды қамтитын кросс-культуралық компоненттері. Мұнда қазақ мәдени дәстүрлері мен халықаралық мәдени нормалардың өзара ықпалын талқылау, стереотиптерді сыни тұрғыдан қарастыру және діни-мәдени айырмашылықтарды түсіндіру арқылы диалогқа дайындық күшейтіледі;

- үшінші, рефлексияға негізделген оқыту және портфолио-бағалау жүйесі. Рефлексиялық жұмыстар арқылы студенттер өз құндылықтарын, өзге мәдениеттерге деген көзқарастарын бағалай алады, стереотиптерді қайта қарау қағидаларын қолданып, кәсіби қызметте қажет болатын этикалық нормаларды күшейтеді;

- төртінші, оқу-әдістемелік кешенді ішкі бағалау жүйесі. Бұл жүйе когнитивті, бейнелі-эмоционалдық және мінез-құлықтық үш аспектіні бірлестіріп, оқу нәтижелерінің динамикалық өлшемдерін береді.

Сонымен, кіріспедегі көзқарастардың түйіні: мәдениетаралық құзыреттілік қоғамдық-гуманитарлық білімнің ажырамас бөлігі ретінде ұлттық білім беру саясатында көрініс тауып, оқыту мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік кешендерді интеграциялау және оқытушылардың кәсіби дайындығын күшейту арқылы жоғары оқу орындарында көпмәдениетті ортада тиімді білім беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазақ контекстінде бұл құбылысты зерттеу қазіргі білім беру теориясы мен практикасындағы өзекті мәселені құрайды: халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу арқылы көпмәдениетті диалогқа дайын мамандарды қалыптастыру. Осыған байланысты авторлық талдауға сәйкес ұсынылатын курс модулі – мәдениетаралық құзыретті-

лік: теориясы мен тәжірибесі – ұлттық мақсаттармен сәйкестендіріліп, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, кәсіби этика және мәдениетаралық диалогқа ашықтық идеяларын бір жүйеге келтіреді. Көпмәдениетті білім беру ортасын құру саласындағы білім беру саясатында маңызды орынды алады және болашаққа бағытталған оқу бағдарламаларының тиімділігін айқындауда негізгі рөл атқарады деп санаймыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін мәдениетаралық коммуникацияның әртүрлі мәселелерін қарастырған С.Г.Тер-Минасова, В.П.Фурманова, И.И. Халеева, К. Knapp, H.F. Knapp-Potthof, P.D. Льюис, E. Oksaag еңбектері құрайды. Ғылыми білімнің әртүрлі салаларындағы осы құбылысты сипаттайтын зерттеу жұмыстарын теориялық талдау мәдениетаралық құзыреттілік ұғымын әр қырынан нақтылауға мүмкіндік берді. Мәселен, зерттеушілер мәдениетаралық құзыреттілікке «шетелдік мәдениетке көзқарас пен инсайт» (Г. Нойнер), «мәдени контекст туралы білім негізінде қарым-қатынас жасау қабілеті» (Х.В.Канг), «бірлескен мәдени аралық өмір сүру тәжірибесі, синергия» (М.Томас), «қоғамда әртүрлі этномәдени топтардың болуына оң көзқарас» (Г.Гвитская), «әлеуметтік дағдылар мен қабілеттер кешені» (Ю.Рот, Г. Коптельцева), «тұлғаның интегративті сапасы» (И.В. Переходко), «біріктірілген тұлғалық білім» (Т.В.Парфенова), «кәсіби-пәндік, әлеуметтік-мәдени және мәдени-прагматикалық білім мен стратегиялар жиынтығы» (О.В.Сыромясов), «барлық коммуникацияға қатысушыларға ортақ, өзара түсіністікке қол жеткізу үшін қажетті білім, білік және дағдылардың жиынтығы» (А.П. Садохин) деген анықтамалар береді (Малькова, 2012).

«Мәдениетаралық құзырет» түсінігінің салыстырмалы талдауы оның пәнаралық сипатын анықтауға, тұжырымдаманың даму динамикасын байқауға және оның мазмұнын анықтау тәсілдерінің әртүрлілігін атап өтуге мүмкіндік берді. Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйенсек, болашақ мамандардың мәдениетаралық құзыреттілігі деп – мәдениетаралық коммуникация туралы біліміне, дағдыларына және тәжірибесіне негізделген, өз құндылықтарының деңгейіне сәйкес ынтымақтастық стилінде мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттерін және жеке тұлғалық сипаттарын (ашықтық, төзімділік, эмпатия,

өзара түсіністік, ойлау икемділігі және оның жаһандық сипатын) түсінеміз. Сонымен қатар, зерттеу барысында мәселеге қатысты теориялық әдебиеттер мен қолданбалы зерттеулер нәтижелеріне сүйеніп, мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасуын анықтайтын бірнеше әдістер, яғни диагностикалау шкалалары бар екеніне көз жеткіздік. Жеке тоқталып, атайтын болсақ:

Мәдениетаралық реттеу потенциалының шкаласы (ICAPS). Бұл шкаланы белгілі жапон зерттеушісі Д.Мацумото әріптестерімен бірге жасаған. Аталмыш шкала адамның жаңа мәдени ортаға сәтті бейімделу мүмкіндігін анықтауға бағытталған. ICAPS әдісі 4 факторлы әдіс болып табылады.

Тілдегі, құндылықтардағы, нормалардағы, көзқарастардағы және мінез-құлықтағы айырмашылықтарға байланысты сөзсіз туындайтын мәдениетаралық өзара әрекеттесу және мәдениетаралық қақтығыс жағдайында адамның өз эмоцияларын реттей алу қабілетін әдістеме авторлары мәдениетаралық сәтті бейімделудің негізгі факторларының бірі ретінде анықтайды.

Екінші факторға – бұрынғы жұмыс істеген ойлау тәсілдеріне шамадан тыс тәуелділіктен арылу және белгісіздікке шыдауға дайын болуын, өз әрекеттерінің ықтимал нәтижелерін білмеуі немесе болжай алмауы, яғни жаңа тәжірибелерге ашық болуын жатқызады.

Осы әдістеме авторлары алдыңғы әлеуметтік тәжірибеде орынсыз баламаларды есте сақтау және қарастыру үшін үшінші фактор ретінде бұл техникада икемділік маңызды екенін атап көрсетеді.

Табысты мәдениетаралық бейімделудің шарты – өзінің және айналасындағы адамдардың мінез-құлқын бақылау, бағалау және болжау, яғни мәдениетаралық оқиғалар туралы саналы және сыни тұрғыдан ойлау, конфликтті тек өз мәдениеті тұрғысынан ғана түсіндірмейтін, бәсекелес болжамдарды ұсыну және соның нәтижесінде әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа үлгілерін құру деп негіздейді.

Келесі әдістің бірі – көпмәдениетті тұлға сауалнамасы (MPQ). Сауалнаманы Ван дер Зи және Ван Оуденховен әзірлеген. Бұл әр түрлі мәдениеттегі адамдармен қарым-қатынас кезінде жеке тұлғаны және оның мінез-құлқын бағалауға арналған әдіс.

Ал, мәдениетаралық даму тізімі (IDI) тесті – бұл мәдениетаралық құзыреттілік дәрежесін немесе өзінің және басқалар арасындағы «мәдени тұрғыдан жарамды» айырмашылықтарды

қабылдау қабілетін бағалауға арналған 50 тапсырмадан тұратын тест. IDI мәдениетаралық құзыреттілік континуумы бойынша жеке тұлғаның немесе топтың дамуын көруге мүмкіндік береді. Осындай тағы бір әдіс -мәдени интеллект шкаласы (CQS). Әлеуметтік ғылымдарда жеке адамның басқа мәдени ортада, әртүрлі мәдениетаралық жағдайларда тиімді жұмыс істеу қабілетін өлшеу үшін қолданылады.

Жиі қолданатын әдістердің бірі – мәдениетаралық сезімталдық шкаласы (МСШ) сауалнамасы деп білеміз. Аталмыш сауалнама мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайларына (мысалы, мотивация және қатысу) байланысты көзқарастардың сипаттамаларын өлшейді. Ол мәдениетаралық коммуникативті құзыреттіліктің 5 эмоционалдық аспектілерін көрсететін 5 шкаладан тұрады. Ал, мәдениетаралық дайындықты тексеру (IRC) сауалнамасы мәдениетаралық құзыреттіліктің төрт аспектісін өзін-өзі бағалауға арналған (Плеханова, 2017).

Сондай-ақ, қолданбалы зерттеулерді талдау барысында студенттік ортада мәдениетаралық құзыреттілікті дамытудың негізгі ерекшеліктерін келесідей анықтауға болатыны байқалды:

1. Қазіргі студенттердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып оқу үдерісін құру.

2. Материалды жақсы меңгеру үшін түпнұсқалық материалдарды: баспа, аудио және бейне материалдарды пайдалану.

3. Диагностикалау немесе бағалау әдістерін қолдану негізінде мәдениетаралық құзыреттіліктің даму деңгейін бақылау. Бұл бағдарламаның басында және соңында даму динамикасын бақылау үшін қажет екені анық.

- 4 Мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үдерісіндегі студенттің жеке тәжірибесі, трансформациясы, тұлғалық өсуі және тұлғалық қасиеттерін дамыту.

5. Студенттердің мінез-құлқын бақылауға және жақсартуға көмектесетін бағдарламаны жүзеге асыру барысында дер кезінде конструктивті кері байланысты қамтамасыз ету және студенттер тобының мінез-құлқын диагностикалау. Мәселені әр қырынан зерделеу барысында, біз мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін диагностикалаудың жоғаоыда келтірілген әдістерін анықтаумен қатар, оның құрылымын, яғни құрамдас бөліктерін анықтап алған жөн деген қорытындыға келдік.

Сондықтан, болашақ мамандардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту

мәселесіне арналған іргелі зерттеулерге сүйеніп, бірқатар ғалымдар тобының тұжырымдарының негізінде оның құрылымын айқындадық. Бірқатар ғалымдар оған мотивациялық-құндылық, когнитивтік, әрекеттік-мінез-құлықтық, аффективтік, рефлексивтік компоненттерден тұрады деп тұжырымдайды және төмендегідей түсіндіреді.

Мотивациялық-құндылық компоненті мәдениетаралық қарым-қатынасқа құндылық пен әлеуметтік дайындықты дамытуды қамтиды. О.В.Алдакимов бойынша құндылық компоненті «мәдени әртүрлілік идеяларының құндылығын, олардың бірегейлігі мен әлеуметтік маңыздылығын тану, мәдени ерекшеліктерді тануға бағдарлауды түсінеді.

Когнитивтік компонент мәдениетаралық білім көлемін білдіреді. Ал когнитивтік компонент деп «басқа мәдениет өкілдерімен жағымды қарым-қатынастың формалары мен әдістері туралы мәдени-спецификалық білім жүйесін меңгеруді, мәдениетаралық айырмашылықтарды сезіну және түсіну кезеңінде студенттерге қолдау көрсету, олардың оқу тәжірибесінде көрінуі, студенттердің басқа мәдениеттерге қызығушылығын ынталандыруда ағылшын тілі пәнінің мазмұнын пайдалануды» түсінеміз.

Әрекеттік-мінез-құлықтық компоненті мәдениетаралық құзыреттілік көрінісінің әмбебап мінез-құлық үлгілерін меңгеру, болашақ кәсіби қызметінде мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу қабілетін қамтиды. Әрекеттік-мінез-құлықтық компонентіне, оның пікірінше, «мәдениетаралық кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға, студенттерге шетел мәдениетінің өкілдерімен байланыс орнату әдістерін үйретуге, оқу-тәрбие процесінде басқа мәдениет өкілдерімен ынтымақтастық дағдылары, кәсіби қызметте мәдениетаралық қайшылықтардың алдын алу және жеңу қабілетін дамыту» жатады.

Ал рефлексивтік компонент мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін, стереотиптерді, алдын ала пікірлерді, әлемнің көпмәдениетті табиғатын және өзінің мәдени ерекшелігін түсінуді тану және қайта қарау қабілетін қамтиды. Ол рефлексивтік компонентті «мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдаяттарын талдау, ауызша және жазбаша түрде мәдениетаралық қарым-қатынас жағдаяттарының дамуын бағалау, кәсіби-педагогикалық қызметте мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің тиімді стратегияларын таңдау және бағалау қабілетін дамыту» ретінде ұсынады.

Аффективті компонент «эмоционалдык мәдениетті», мәдениетаралық сезімталдықты, жауап беруді, эмпатияны және басқа мәдениеттерге оң көзқарасты дамытуды қамтиды. 1993 жылы Милтон Дж. Беннетт мәдениетаралық сезімталдықты дамытудың үлгісін жасады, оны Беннет шкаласы деп атайды.

Оның пікірінше, аккумуляция екі фактормен анықталады, олар көбінесе бір уақытта әрекет етеді:


1. мәдениетті қолдау (мәдени бірегейлікті сақтаудың маңыздылығы қаншалықты танылады);

2. мәдениетаралық байланыстарға қатысу (қандай дәрежеде басқа мәдениетке араласу керек немесе «өзінің» арасында қалу керек).

Бұл факторлар төрт негізгі стратегияны анықтайды, олар: ассимиляция, бөліну, маргинализация және интеграция.

1-сурет

Дж. Беннеттің мәдениетаралық сезімталдықты дамыту моделі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген суретті материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған

Америкалық психолог Г. Триандис адамдарды мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындаудың алғашқы практикалық әдісін 20 ғасырдың 60-жылдары жасаған. Ол әдісін «мәдени ассимилятор» деп атады және оның негізінде адамдарды тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйретуге бағытталған оқыту бағдарламалары жасалды. Осы саладағы белгілі ғалым Р.Брислин бастаған зерттеушілер тобы мәдени ассимиляторларды ұзақ уақыт бойы пайдалану, олардың түрлі мәдениеттегі адамдар арасындағы байланыстарды жеңілдетудің тиімді құралы, сондай-ақ толеранттылықты дамытудың маңызды элементі екенін дәлелдеді.

Қорыта келгенде, әртүрлі мәдениет өкілдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін жоғарыда аталған жұмыс әдістері мен формаларын жүзеге асыру ұлттық дәстүрлерді сақтауға және дамытуға ықпал ететін көпмәдениетті қоғамды құруға оң әсерін тигізеді деп санаймыз.

Нәтижелер және талқылау

Колледждегі оқу үрдісі құндылық жүйелері мен дүниеге көзқарастарын қалыптастыру үшін сонымен қатар өздерінен үлкен және құрдастар топтарында жеке қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау үшін маңызды. Колледж қабырғасында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру студенттің жеке тұлғасын қалыптастыру және мәдениеттер арасындағы диалогқа дайын болудың маңызы зор.

Стереотиптер мен теріс пікірлер негізінен студенттердің басқа мәдениеттер туралы нақты білімі мен тәжірибесінің болмауына байланысты және білім бұл мәселені шешу де маңызды рөл атқарады. Жаңа білім алу олардың тәжірибесін кеңейтуге және толық түсінуге қол жеткізуге мүмкіндік береді, демек кейбір теріс пікірлерден бас тартуға, қайта қарауға мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптас-
тыру тәсілдер кешеніне негізделеді. Сондықтан

жеке тұлғаның мәдениетаралық құзыреттілігінің теориялық және практикалық негіздерін білім жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениет өкілдерімен практикалық өзара әрекеттесу дағдылары, студенттермен, шет тілінің лингвистикалық және мәдени қоғамдас-тығының өкілдерімен өзара түсіністік пен тиімді қарым-қатынасқа қол жеткізу үшін қажетті жеке қасиеттерді зерттеу өте маңызды болып көрінеді.

Зерттеу мәселеміздің теориялық тұжырымдарын растап, колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында құрылған арнайы курс бағдарламасының тиімділігін тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Аталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» базасында жүргізілді. Оған 90 студент қатысты, оның 45-і бақылау, 45-і эксперименттік топта болды. Зерттеу жоспарымызға сәйкес эксперимент 2023-2025 жылдар арасында 2 жыл бойы 3-кезеңмен бақылау және эксперименттік топтарда жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперимент мақсаты: колледждің 1-курс студенттерінің мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін құрастырылып, оқу-тәрбие үрдісіне ендірілген «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» арнайы курс бағдарламасының тиімділігін тәжірибеде тексеру деп анықталды. Аталмыш кезеңнің міндетін шешу үшін, яғни 1-курс студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігін зерттеу және бағалау үшін келесідей үш әдістеме қолданылды:

А.А. Деркач пен А.Н. Суховтың «Коммуникативтік әлеуметтік құзыреттілік» әдістемесі. Бұл әдіс: әлеуметтілік, логикалық ойлау, эмоционалдық тұрақтылық, немқұрайлылық, сезімталдық, тәуелсіздік, өзін-өзі бақылау, қоғамға қарсы мінез-құлыққа бейімділік сияқты шкалаларды біріктіреді.

В.В. Синаевский, В.А. Федорошиннің «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік» әдістемесі. Бұл студенттердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерін диагностикалау үшін пайдаланылды. Әдіс субъектіге оның жеке тәжірибесінен белгілі әр түрлі жағдайларда оның мінез-құлқының белгілі бір сипаттамаларын көрсету және бағалау принципіне негізделген.

Л. Михельсонның коммуникативті дағдыларын тексеру әдістемесі (Ю.З.Гильбух өңдеген).

Бұл әдіс студенттердің коммуникативтік құзыреттілік деңгейін және мәдениетаралық құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Зерттеуіміздің анықтау кезеңінде аталған әдістермен диагностикалау нәтижеінде колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттілігінің даму жағдайы анықталды. Студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігінің даму деңгейін (төмен, орташа, жоғары) анықтау үшін мәдениетаралық құзыреттілік компоненттерінің әрқайсысы үшін В.И.Загвязинский зерттеулерінің негізінде қажет дағдылар мен оларды қалыптастыру критерийлері анықталды. Олар: әлеуметтік (мотивациялық-құндылық компонент), білімдік (когнитивтік компонент), әрекеттік (әрекеттік-мінез-құлықтық компонент), тұлғалық (аффективтік компонент), тәрбиелік (рефлексивтік компонент).

Әлеуметтік критерийдің көрсеткіштері мәдениетаралық коммуникацияға қатысуға, интернетте байланыстарды бастауға бағытталған; басқа мәдениеттер туралы жаңа білімді қабылдауға, мәдениеттер арасындағы диалог процесінде үйренуге және түсінуге назар аудару.

Білімдік критерийдің көрсеткіштері жалпыадамзаттық және ұлттық мәдени құндылықтарды, шындықты, құндылық көзқарастарды, қарым-қатынас ортасына тән психологиялық және әлеуметтік бірегейлікті білу; мәдениетаралық құзыреттілік мәні туралы; мәдениетаралық өзара әрекеттесу психологиясы туралы, коммуникациялық кедергілерді жеңу және мәдениетаралық қақтығыстардың алдын алу жолдары туралы; әртүрлі мәдениеттерде білім беру; мәдениетаралық коммуникация.

Әрекеттік критерийінің көрсеткіштері ретінде: мәдениетаралық қарым-қатынасқа кез келген нысанда саналы және мақсатты түрде қатысу мүмкіндігі; басқа мәдениеттің нормаларына сәйкес мінез-құлықты құра білу; мәдениетаралық қарым-қатынастағы қиындықтарды болжай білу және коммуникациялық кедергілерді жеңу; ымыраға келу, серіктестік, ынтымақтастық; студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудағы кәсіби міндеттерді шешу қабілеті; толерантты мінез-құлықтың көрінісі алынды.

Тұлғалық критерийлерінің көрсеткіштері деп: құндылықтарға, құндылық бағдарларға, басқа мәдениеттерге оң көзқарас; мәдениетаралық қарым-қатынасқа тұрақты эмоционалдық қатынас; мәдениетаралық сезімталдық, сезім-

талдық, эмоционалды сезімталдық; эмпатияның көріністері есептелді.

Тәрбиелік критерийлерінің көрсеткіштері: мәдениетаралық диалогтағы жеке тәжірибесін жүйелеу және талдау қабілеті; мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары мен тәжірибесінің кеңеюіне сәйкес басқа мәдениетке өз бағасын сыни қарастыру және өзгерту мүмкіндігі; қазіргі мәдени қауымдастықтың көпмәдениеттілігін сезіну; өзін көпмәдениетті субъекті ретінде сезіну; мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуді бағалау және өзінің мәдениетаралық қызметі туралы ойлау қабілеті.

Тәжірибелік эксперименттің анықтау кезеңінде таңдалған 3 әдістеме бойынша жүргізілген сауалнамалар, М.Говиндасамидің мәдениетаралық тиімділік шкаласының (IES) көмегімен тестілеу материалдарының нәтижелері мен оқу әрекетінің барысын талдау студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерінің құрамдас бөліктерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігін растады. Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңіндегі диагностикалау нәтижесі студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктері критерийінің көрсеткіштерінің даму деңгейінің төмендегін анық көрсетті.

Анықтау кезеңінің нәтижесіне сүйеніп, біз колледж студенттерінің мәдениетаралық құзыреттіліктерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың келесі кезеңдерінде қалыптастыру мақсатында «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» атты арнайы курс бағдарламасы мен оның оқу-әдістемелік кешенін әзірледік. Бағдарламаны әзірлеу және тәжірибеге ендіру барысында зерттеуіміздің теориялық негіздерін басшылыққа алдық. Әдістемесін әзірлеуде В.Ф.Гревцева, М.Говиндасами және осы саладағы көрнекті ғалымдардың тұжырымдарын есепке алдық. Мәселен, В.Ф.Гревцева оқытудың белсенді түрлерін, соның ішінде симуляцияларды, рөлдік ойындарды, шығармашылық жазуды, компьютерлік технологияларды және т.б. студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырған.

Сондай-ақ М. Говиндасами әріптестерінің тәжірибесіне сүйене отырып, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексиялық оқытуды ерекше атап көрсетеді.

Бірқатар шетелдік және отандық ғалымдар студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың тиімділігі қазіргі оқушының қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере оты-

рып, оқу үдерісін құруға, шынайы материалдарды міндетті түрде пайдалануға, диагностикалау негізінде мәдениетаралық құзыреттілік деңгейін үнемі бақылауға, шығармашылық эссе жазуға, жобаларды сақтауға және портфолио жасаумен байланысты деп санайды. Тәжірибелік жұмыс барысында біздер осы айтылған пікірдің толықтай дұрыс екендігіне көз жеткіздік.

Тәжірибелік жұмыс барысында бағдарламаның әр бөлімін аяқтау соңында қатысушылармен мәдениетаралық тиімділік шкаласының (IES) көмегімен сауалнама жүргізілді. Аталмыш шкала мәдениетаралық тиімділіктің жалпы көрсеткішін шығару үшін біріктірілген мәдениетаралық тиімділіктің төмендегідей үш өлшеміне назар аударады.

Студенттердің қоршаған ортаға сезімтал болуына, процеске қатысуға және интеллектуалды оқуға қол жеткізуге мүмкіндік беретін жетекші рефлексия процесі, -деп есептейді. Өйткені рефлексия нәтижесінде оқушылардың процеске және қоршаған ортаға ашық, сыйластық және қызығушылық танытатынын көруге болады.

Оқытудың басқа түрлерінен айырмашылығы, тренингте пікірталас, топтық талқылау, модельдеу, жаттығулар, бақылау және т.б. сияқты әр түрлі әрекет түрлері қолданылады. Сондай-ақ тренинг тобының жұмысына ережелер міндетті түрде енгізілуімен де қолайлы.

Тренингтік тапсырмалар түріне қарай оқыту тапсырмалары шет тілінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін үйретуге көмектеседі: оқу, айтылым, жазылым және тыңдалым.

Тренинг бағдарламасының негізгі мақсаты – мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ студенттерді мәдениетаралық диалогты құру, өзара әрекеттестікке үйрету.

Қойылған мақсатқа жету үш деңгейде жүзеге асады:

- танымдық сананы арттыру: когнитивтік деңгей – ойлауға үйрету;
- мәдени сезімталдықты дамыту: эмоционалды-аффективті деңгей – сезінуге үйрету;
- мінез-құлық құзыреттілігін арттыру: когнитивті деңгей – мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелерінде өзара әрекеттесуді үйрену.

Арнайы курс бағдарламасының теориялық бөлігі дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда және рәсімдерде көрінетін нақты мәдени әмбебаптар туралы жеке адамның хабардар болуы мен түсінуін қамтыды. Өзінің этноцентризмін, этникалық көзқарастардың ықпалын, стереотиптер мен

наным-сенімдерді этномәдени құзыреттіліктің дамуына кедергі ретінде сезінуі және т.с.с.

Бағдарламаның практикалық бөлігі этномәдени сезімталдықты дамытудан, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында мәдениетаралық құзыреттілікті арттырудан, теріс этникалық көзқарастарды басқару және жеңу стратегиясын қалыптастырудан, табысты мәдениетаралық өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдыларды тәжірибеден өткізуден және бекітуден тұрды. Мәселен, бағдарламаның «Мәдениетаралық коммуникация туралы» бөліміндегі тренингтер мәдениетаралық коммуникация саласында теориялық білім алуға және құзыреттілігін дамытуға бағытталған. «Мәдени әртүрлілікке көзқарас» бөлімінің тренингтері студенттерді қазіргі әлемдегі мәдениеттердің әртүрлілігін зерттеуге және хабардар болуға бағытталған.

«Тиімді мәдениетаралық коммуникация және мәдени шок» бөлімінің тренингтері тиімді мәдениетаралық коммуникацияны анықтауға бағытталған. Әрбір студенттің тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас үшін өзінің нақты және әлеуетті мүмкіндіктері туралы хабардар болуы. Мәдени шок түсінігімен таныстыруды көздеді. Ал, «Мен мәдениетаралық ортадамын» бөліміндегі тренингтер мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің нақты жағдайларына барынша жақын қарым-қатынастарды модельдеуге бағытталды. Тренингтердің әдістемелік негіздеріне психогимнастикалық жаттығулар, тәжірибені рефлексиялау, пікірталас, әңгімелесу, интерактивті модельдеу, рөлдік ойындар, модельдеу, топтық талқылау сияқты топтық жұмыстың дәстүрлі процедуралары жатады. Бұл әдістерді қолдану қатысушыларға басқа мәдениеттермен тиімді қарым-қатынасқа дайындалуға, олардың өз мінез-құлқын да, басқа мәдениет өкілдерінің мінез-құлқын да түсінуге, сезінуге және талдауға үйретуге мүмкіндік берді.

Рефлексияға негізделген субъективті тәжірибені белсендіру студенттердің өзіндік санасын дамыту механизмі ретінде әрекет етті, оларға бар құндылық бағдарларды, стереотиптер мен теріс пікірлерді сыни тұрғыдан түсінуге жағдай туғызып, олардың қызметін, қарым-қатынасын және мінез-құлқын қайта құруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, студенттер жыл бойы тәрбиелік іс-шаралар, интернет және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әртүрлі мәдениеттерді зерттеумен мәдениетаралық тәжірибеге қатысады.

Оның барысында жаһандық тенденциялар мен олардың ықпалын есепке алу, оларды өз

мүдделеріне сәйкестендіруді игереді. Бұл жағдайда нәтиже өзара түсіністік, ұлттық төзімділік және өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық болады.

Өзі үшін және студенттің болашақ кәсіби қызметі үшін мәдениетаралық құзыреттілікті дамытудың құндылығын түсіну үшін ұлттық мәдениет күндерін, әр түрлі жана жылды, Наурыз мерекесін, «Көпмәдениетті басылым» таланттар байқауын, түрлі квесттер, халықаралық студенттер күнін, «Тіл алмасу клубын» ұйымдастырудың берері мол болды. Ал:

- тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған диалог;
- мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға көмектесетін мәдениетаралық мазмұны бар рөлдік ойындар;
- тиімді мәдениетаралық қарым-қатынасқа қажетті тұлғалық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беретін пікірталастар;
- әртүрлі мәдениет өкілдеріне қатысты адекватты қабылдау мен дұрыс бағалау қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін басқа мәдениет өкілдерімен кездесулер мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға зор ықпал етті.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде эксперименттің үшінші кезеңінде «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» арнайы курс бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігін анықтау үшін студенттермен алдыңғы кезеңде таңдалған авторлық әдістемелермен қайтара диагностикалау жүргізілді.


Әдістемелердің негізіндегі кешенді зерделеу нәтижесі студенттердің мәдениетаралық құзыреттіліктерінің критерийлерінің даму көрсеткіштері артқанын көрсетті (2-сурет).

Эксперименттік топтардағы мәдениетаралық құзыреттіліктің әр критерийінің өсу көрсеткіштері.

Егер, тәжірибелік экспериментке дейін эксперименттік топтарда әлеуметтік, әрекеттік, тәрбиелік, білімдік және тұлғалық критерийлер бойынша көрсеткіштердің жоғары деңгейін 20,5 % студент көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен кейін жоғары деңгей көрсеткіші 47%-ға дейін көтерілді. Орташа деңгей 20,5 %-дан 39%-ға дейін жоғарыласа, төменгі деңгей 59%-дан 14%-ға дейін төмендеді. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады әрі оны қисынды деп білеміз.

2-сурет

Эксперименттің 1- және 3-кезеңінің салыстырмалы нәтижесі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген сурет материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған

Сонымен тәжірибелік жұмыстың жалпы нәтижелерін қорытындылайтын болсақ:

Колледждік оқу үрдісінде мәдениетаралық құзыреттілікті жүйелі қалыптастыру мақсатында ендірілген «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» арнайы курсының нәтижелері оқу үдерісінің мазмұны мен әдістемесінің жаңаруы арқылы студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Бұл ықпал диалогқа дайындықты күшейтіп, көп-мәдениетті кәсіби ортаға бейімделу дағдыларын дамыту тұрғысынан нақты көрінді. Сонымен қатар рефлексивті іс-әрекеттер арқылы студенттердің өзін-өзі бағалауы және өзге мәдениеттерге қатысты сыни көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл өзгерістер студенттердің көркем-практикалық тапсырмаларға және топтық жұмыстарға қатысу белсенділігін арттырды; оқу барысында рефлексиялық қосалқы жұмыстар арқылы өзінің құндылықтық бағдарларын қайта осыларға сәйкестендіруге бағытталған тәжірибе ұсынды.

Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады, ал эксперименттік топта оң динамика байқалды. Бұл нәтижелер курстың нақты ықпалын дәлелдейді: модульдік құрылымның тиімділігі мен интерактивті оқу әдістерінің жүйелі енгізілуі қажеттігін көрсетеді.

Эксперимент кезеңінде мәдениетаралық құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша

қозғаушы әсер байқалды: когнитивті түсінік кеңейді, мінез-құлықтық дағдылар жақсарды, тұлғалық-эмоционалдық бағдарлар тұрақтанды. Осы үш өлшемнің бірлескен өсуі курстың теориялық негіздеріне сай оқыту үдерісінің интеграциялық табиғатын растады: білім, дағдылар және жеке мәнерге бағытталған үйлесімділік сақталады.

Компоненттер бойынша нәтижелер (әрқайсысына қатысты детальдар)

Әлеуметтік критерий (мотивациялық-құндылық компоненті). Эксперименттік топтағы қатысушылардың мәдениетаралық диалогқа қатысуы, интернеттегі коммуникациялық бастамалары және жаңа білімдерді қабылдау қабілеті айқын артып, диалогқа ашықтық деңгейі сондай-ақ жоғарылады. Бұл өсім студенттердің өзге мәдениеттерге ашықтығын арттыратын рефлексиялық тапсырмалар мен диалогтық жұмыстардың жүйелі енгізілуімен түсіндіріледі.

Білімдік критерий (когнитивтік компонент). Ұлттық және жалпы мәдени құндылықтар, шындықты қабылдау, құндылық көзқарастары туралы түсінік кеңейді; мәдениетаралық өзара әрекеттесу психологиясы туралы білім жүйелі нығайды; коммуникациялық кедергілерді жеңу жолдары туралы түсінік толықты. Бұл білімдік өсім курстың теориялық және практикалық блоктарының өзара толықтығы арқылы қамтамасыз етілді.

Әрекеттік критерий (әрекеттік-мінез-құлықтық компонент). Қатысушылар мәдениетаралық қарым-қатынасқа саналы және мақсатты түрде қатысып, басқа мәдениеттің нормаларына сай мінез-құлық құра білетін болды; қиындықтарды болжай білу және коммуникациялық кедергілерді жеңу қабілеті күшейді; ымыраға келу, серіктестік және ынтымақтастық дағдылары көрініс тапты. Тренингтерге негізделген әрекет-дайындау жүйесі, рөлдік ойындар және кооперативті тапсырмалар арқылы нақты мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына ықпал етті.

Тұлғалық критерий (аффективті компонент). Эмпатия, мәдениетаралық сезімталдық пен басқа мәдениеттерге оң көзқарас артты; рефлексиялық оқыту арқылы эмоционалдық интеллектінің өсуі байқалды. Бұл өзгерістер өзін-өзі бағалауды жақсартуға, басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасты терең түсінуге мүмкіндік берді.

Тәрбиелік критерийлер (рефлексивтік компонент). Мәдениетаралық диалогтағы жеке тәжірибені жүйелеу және талдау қабілеті күшейді; стереотиптерді қайта қарау және көпмәдениетті кәсіби субъект ретінде өз бағасын түзету мүмкіндіктері пайда болды. Оқытушылардың фасилитаторлық рөлі мен оқу ортасының қолайлылығы тәрбиелік мақсаттардың жүзеге асуын қолдады.

Зерттеу әдістері мен өлшемдері

Зерттеу үш әдістемені кешенді түрде қолдануға негізделді: Деркач пен Суховтың коммуникативтік әлеуметтік құзыреттілік шкаласы; Синявский–Федорошиннің коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік әдістемесі; Михельсонның коммуникативті дағдыларын тексеру әдістемесі. IES шкаласы арқылы үш өлшемді бағалау жүзеге асырылды: когнитивті, бейнелі-эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттер.

Құралдардың кешенді қолданылуы мәдениетаралық құзыреттіліктің компоненттері арасындағы өзара байланысты ашуға мүмкіндік берді: әлеуметтік және тәрбиелік көрсеткіштер эмоциялық-рефлексиялық жұмыстардың нәтижесімен тығыз байланыста; білімдік көрсеткіштер оқу мазмұнының тереңдігімен; әрекеттік көрсеткіштер практикалық дағдылардың дамуымен байланысты болды. Бұл кешендік талдау курстың көпқырлы ықпалын дәлелдейді және бағалаудың үш өлшемді жүйесінің тиімділігін нақтылайды.

Халықаралық үлгілермен салыстырғанда біздің нәтижелер рефлексияға негізделген оқыту және интерактивті тренингтердің жоғары тиімді-

лігін көрсетеді. Сондай-ақ, этнокоммуникативті контексттерге бейімделу және медиа-мәдениетті енгізу оқу нәтижелерін одан әрі күшейтті.

Нәтижелердің маңыздылығы және теориялық-практикалық салдары

Теориялық-практикалық маңыздылық. Нәтижелер мәдениетаралық құзыреттілікті жүйелі енгізу қажеттілігін дәлелдейді: оқу мазмұны жаңартылады, оқу-әдістемелік кешен интеграцияланады, оқытушылардың кәсіби біліктілігі күшейтіледі; студенттер көпмәдени ортада өзара түсіністік пен диалог құру қабілеттерін меңгереді. Бұл үрдіс азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен кәсіби этиканы нығайтуға да септігін тигізеді.

Практикалық ықпал. Оқытушыларды даярлау және оқу-әдістемелік құралдарды жетілдіру қажет; intercultural training курстары, халықаралық серіктестік жобалары, алмасу бағдарламалары сияқты механизмдерді күшейту маңызды. Сонымен қатар оқу бағдарламаларына сабақтан тыс іс-шаралар, портфолио және OSCE сияқты бағалау тәсілдерін енгізу нәтижені тұрақтандыруға ықпал етті.

Әлеуметтік маңыздылық. Мәдениетаралық түсіністікті күшейту және этносаралық үйлесімділікті дамыту арқылы көпмәдениетті қоғамның әлеуметтік тұтастығын нығайтуға ықпал етеді. Бұл нәтижелер оқытудың әлеуметтік-бағытталған қолданысына негіз болып, студенттерді глобалдық еңбек нарығына дайындауға ықпал етеді.

Шектеулер және сын-қатерлер

Жалпы қабылдау мәселелері. Нәтижелер бір колледжге тән болғандықтан ұлттық деңгейге жалпыға бірдей экстраполяция жасауға болмайды. Бұл себептен көпұйымдық және көпконтексті зерттеулер қажет.

Әдіснамалық мәселелер. Ішкі сенімділік пен валидтілікті ұзақ мерзімге растау үшін үш өлшемді бағалау жүйесінің қос зерделуі қажет; IES-тің ішкі сенімділігін арттыру мақсатында тест-ретест әдістерін енгізу ұсынылады. Cronbach- α мәндерін жанадан тексеру, сыртқы валидтілік растауы қажет.

Контекстік бейімделу. Әр өңірдегі тілдік, этномәдени және әлеуметтік контексттер әртүрлі болғандықтан бір үлгі толық сәйкес келе бермейді. Сондықтан мульти локалдық адаптация модельдерін әзірлеу қажет.

Ресурстар. Инфрақұрылымдық қолдау және қаржылық қамсыздандыру қажет; халықаралық серіктестіктерді күшейту арқылы оқу-әдістемелік кешеннің кеңеюі күтіледі.

Болашақ зерттеу бағыттары

Эмпирикалық кеңейту. Бұл курстың түрлі факультеттерде, басқа колледждерде және аймақтық контексттерде жүзеге асуы; көп SITE-ке тарату арқылы ұлттық қорды күшейту. Контекстуалды тұрақтылықты бағалау мақсатында салыстырмалы кестелерді қолдану маңызды.

Инструментологияны жетілдіру. Мәдениетаралық құзыреттілікті үш өлшемде өлшейтін валидті және сенімді шкалаларды жетілдіру; мультимодальды бағалау әдістерін енгізу (кейсталдау, клиникалық симуляциялар, портфолио, OSCE тәрізді тәсілдер). Бұл тәсілдер нәтижелердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын көрсететін дәлелді мәліметтер береді.

Технология мен медиа контексті бойынша. Медиа-мәдениет, цифрлық этика және онлайн диалог платформалары арқылы оқу-әдістемелік кешендерді күшейту; дуальді оқыту және трансфертті іске асыру арқылы кәсіби ортаға енгізуді зерттеу. Онлайн-диалог пен виртуалды симуляциялар арқылы мәдениетаралық дағдылардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған жобалар қажет.

Саясат пен басқару аспектілеріне қатысты. Оқу бағдарламаларының жаңартылуын қолдайтын нормативтік-құқықтық база құру; мәдениетаралық құзыреттіліктің ұлттық білім беру саясатындағы нақты орны мен мақсаттарын айқындау.

Практикалық нәтижелерді жинақтау. Құзыреттілікті қалыптастырудың ұзақ мерзімді нәтижелерін (бірнеше жылға созылып) бақылау; оқу нәтижелері мен кәсіби қызмет арасындағы трансфертті дәлелдеу үшін бақылау-орталық зерттеулерін ұйымдастыру.

Жалпы теориялық зерттеулерді авторлық талдау мен тәжірибеде тексеру нәтижелерін қорытындылай келе, эксперимент нәтижесі зерттеу жұмысының болжамының дұрыс екенін дәлелдеді деуге толық негіз бар. Демек, колледжде ағылшын тілі пәнін интер белсенді әдістермен оқытса, тәрбиелік іс-шаралардың барлық мүмкіндіктерімен қоса, рефлексияға негізделген 68 сағаттық «Мәдениетаралық құзыреттілік: теориясы мен тәжірибесі» арнайы курс бағдарламасы қосымша ендірілсе, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін табысты қалыптастыруға болатындығына көз жеткіздік әрі зерттеу нәтижелері мәдениетаралық құзыреттілікті жүйелі түрде енгізудің практикалық пен теориялық негіздерін растады: оқу мазмұнының жаңаруы, оқу-әдістемелік кешеннің ин-

теграциясы және оқытушылардың кәсіби дайындығын күшейту арқылы мәдениетаралық диалогқа дайын мамандарды даярлау мүмкіндігі артады. Сонымен бірге, рефлексияға негізделген тренингтер мен интерактивті оқыту әдістерінің үйлесімі оқу процесін тереңдетіп, студенттердің жеке құндылықтарын, күмәндерді түсіну және стереотиптерден арылу бағытында айтарлықтай септігін тигізеді.

Әлеуметтік-мәдени аспектілерге ерекше мән бере отырып, ұлттық контекстке сай бейімделген және халықаралық тәжірибені үйлестіретін оқу бағдарламалары көпмәдени қоғамдағы үйлесімділік пен өзара түсіністікті нығайтады. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс ҚР әлеуметтік-мәдени контекстінде азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен этиканың нығаюына ықпал ететіндігіне сенеміз.

Қорытынды

Жалпы теориялық зерттеулерді авторлық талдау мен тәжірибеде тексеру нәтижелерін қорытындылай келе, әлеуметтік-мәдени аспектілерге ерекше мән бере отырып, ұлттық контекстке сай бейімделген және халықаралық тәжірибені үйлестіретін оқу бағдарламалары көпмәдени қоғамдағы үйлесімділік пен өзара түсіністікті нығайтады. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс ҚР әлеуметтік-мәдени контекстінде азаматтық-құқықтық жауапкершілік пен этиканың нығаюына ықпал ететіндігіне сенеміз.

Теориялық және практикалық зерттеу нәтижесінде болашақ маманның мәдениетаралық құзыреттілігі – бұл мәдениетаралық қарым-қатынас туралы біліміне, дағдысына және тәжірибесіне негізделген, олардың құндылықтары деңгейіне және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес мәдениетаралық қарым-қатынасқа байланысты кәсіби мәселелерді шешуге және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеті деген тұжырымға келеміз. Ендеше, болашақ маманның мәдениетаралық құзыреттілігі әртүрлі мәдениеттер адамдары арасындағы жақсы түсіністік пен өзара әрекеттесуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бейбітшілік, төзімділік пен ынтымақтастықтың негізі болып табылады. Ол студенттерге жаһандық әлемнің өзгермелі жағдайларына сәтті бейімделуге ғана емес, сондай-ақ, үйлесімді және жан-жақты қоғамның дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талаптарына сай барлық оқу орындары түлектердің өз мамандығы бойынша

сауатты ғана емес, мәдениетаралық диалог пен ынтымақтастыққа дайын болуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Бұл жаһандық білім мен мәдениетті байытуға және әртүрлілікке апаратын табысты жол деп білеміз.

Қаржыландыру

Авторлар ғылыми зерттеу жұмысына сыртқы қаржыландыру бөлінбегенін растайды.

Алғыс білдіру

Авторлар зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік кезеңін ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсеткені үшін Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» әкімшілігіне, сондай-ақ зерттеу жұмысына белсенді қатысқан колледж студенттеріне шынайы алғысын білдіреді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мақала мазмұнына байланысты мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

М. Тұрсынбайқызы мақаланың бастапқы нұсқасын әзірлеп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу үдерісіне жауапты болды.

Қ.Т. Әтемова зерттеудің ғылыми жетекшілігін жүзеге асырып, зерттеу тұжырымдамасын, теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындады.

М.Д. Мырзағұлова эксперименттік зерттеу нәтижелерін өңдеп, деректерге талдау жасап, қорытындыларды жүйеледі.

М.М. Байбекова мақаланы ғылыми редакциялап, кестелер мен көрнекі материалдардың мазмұнын жетілдіруге үлес қосты.

Әдебиеттер

Громова В.В. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции на основе интердисциплинарного обучения: дис. канд. пед. наук. М., 2018.

Жайтапова А.А., Абдолдаева А.А. Студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық оқыту технологиясының негіздері // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2015. – Т. 53, № 2. – Б.

Кошербаев Р., Кошербаева Г. Some questions of the development of cross-cultural competence of philologist students in modern education // Pedagogy and Psychology. – 2023. – № 2(55). – С.108–120: DOI: 10.51889/2077-6861.2023.30.2.006

Малькова В. К. и др. Культура и пространство: историко-культурные бренды и образы территорий, регионов и мест. – Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Южный научный центр Российской академии наук, 2012.

Плеханова М.В. Формирование межкультурной компетенции на основе использования аутентичных видеоматериалов при обучении иноязычному общению студентов технического вуза (немецкий язык, базовый курс). Дис. канд. пед. наук. Томск, 2017. 228 с.

Рот Ю., Коптельцева Г. Межкультурная коммуникация. Теория и тренинг: учеб. метод. пособие. М: ЮНИТИ–ДАНА, 2021. 223 с.

Саидова Я.М., Абдурахманова П.Д., Идрисова П.Г. Структура и содержание межкультурной компетентности // Мир науки, культуры, образования. – № 5 (72) 2020 – С. 524–526.

Соболева А.В., Обдалова О.А. Когнитивная готовность к межкультурному общению как необходимый компонент межкультурной компетенции // Язык и культура. 2019. № 1 (29). С. 146–155.

Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно ориентированной парадигмы образования // Народное образование 2018. № 2.

Шкутина Л.А., Жанкина Б.Ж. Межкультурная компетентность: понятие, структура и содержание // Вестник КарГУ. Серия педагогическая, 2012.

Шолпанқұлова Г.К., Сұлтанова Э.Ә. Заманауи педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамыту ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2024. 146(1). – 206–220 б. <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/564>

Byram M. Cultural Studies in Foreign Language Education. – Clevedon, 2019.

Schneider S.C., Barsoux J-L. Managing Across Cultures. – Dorchester, UK. – 2020. –P. – 133.

References

Byram, M. (2019). Cultural Studies in Foreign Language Education. Clevedon.

Gromova, V.V. (2018). Formirovaniye mezhkul'turnoy kommunikativnoy kompetentsii na osnove interdistsiplinarnogo obucheniya [Formation of intercultural communicative competence based on interdisciplinary training] Ph.D. thesis. ped. Sci. Moscow. (In Russian)

- Khutorskoy, A.V. (2018). Klyuchevyye kompetentsii kak komponent lichnostno oriyentirovannoy paradigmy obrazovaniya [Key Competencies as a Component of a Personally Oriented Education Paradigm]. Public Education, 2. (In Russian)
- Kosherbaev, R., & Kosherbaeva, G. (2023). Some questions of the development of cross-cultural competence of philologist students in modern education. Pedagogy and Psychology. 55. 2. 108–120. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.30.2.006
- Malkova, V.K. et al. (2012). Kul'tura i prostranstvo: istoriko-kul'turnyye brendy i obrazy territoriy, regionov i mest [Culture and Space: Historical and Cultural Brands and Images of Territories, Regions, and Places. Federal State Budgetary Scientific Institution Southern Scientific Center of the Russian Academy of Sciences]. (In Russian)
- Plekhanova, M.V. (2017). Formirovaniye mezhkul'turnoy kompetentsii na osnove ispol'zovaniya autentichnykh videomaterialov pri obuchenii inoyazychnomu obshcheniyu studentov tekhnicheskogo vuza (nemetskiy yazyk, bazovyy kurs) [Formation of Intercultural Competence Based on the Use of Authentic Video Materials in Teaching Foreign Language Communication to Students of a Technical University (German Language, Basic Course)]. Dissertation of Cand. Sci. (Pedagogical Sciences). Tomsk, 2017. 228 p. (In Russian)
- Roth, Yu., & Kopteltseva, G. (2021). Mezhhkul'turnaya kommunikatsiya. Teoriya i trening [Intercultural Communication. Theory and Training: A Textbook]. Moscow, UNITY-DANA, 223. (In Russian)
- Saidova, Ya.M., Abdurakhmanova, P.D., & Idrisova, P.G. (2020). Struktura i sodержaniye mezhkul'turnoy kompetentnosti [The Structure and Content of Intercultural Competence]. The World of Science, Culture, and Education. 72, 5, 524–526. (In Russian)
- Schneider, S.C., & Barsoux J-L. (2020). Managing Across Cultures. Dorchester, UK. 133.
- Shkutina, L.A., & Zhankina, B.Zh. (2012). Mezhhkul'turnaya kompetentnost': ponyatiye, struktura i sodержaniye [Intercultural competence: concept, structure and content]. Bulletin of KarSU. Pedagogical series (In Russian)
- Sholpankulova, G.K., & Sultanova, E.Ə. (2024). Zamanai pedagogterdin kuzyrettiligin damytu erekshelekteri [Features of the development of cultural competence of modern teachers]. L.N. Gumilyov atyndagy Eurasia ulttyk universityin Khabarshysy. Pedagogy. Psychology. Aleumettanu seriyasy. 146(1), 206–220. <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/564> (In Kazakh)
- Soboleva, A.V., & Obdalo, O.A. (2019). Kognitivnaya gotovnost' k mezhkul'turnomu obshcheniyu kak neobkhodimyy komponent mezhkul'turnoy kompetentsii [Cognitive Readiness for Intercultural Communication as a Necessary Component of Intercultural Competence]. Language and Culture. 29, 1, 146–155. (In Russian)
- Zhaitapova, A.A., & Abdoldaeva, A.A. (2015). Studentterdin madeniyetaralyk katysym kuzyrettiligin kalyptastyruda innovatsiyalyk, okutu tekhnologiyasynyn negizderi [Fundamentals of innovative teaching technologies in the formation of students' intercultural communication competence]. Vestnik KazNU. Psychology and Sociology Series. 53, 2. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрсынбайқызы Мерей – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты (Астана, Қазақстан, e-mail: mereytursyn888@gmail.com).

Атемова Калипа Тұрсыновна (корреспондент-автор) – педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru).

Мырзағұлова Мейрамкүл Дәуренбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: miraulan70@gmail.com).

Байбекова Мадина Махмұдхановна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған доцент, Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті (Шымкент, Қазақстан, e-mail: kabdan.94@mail.ru).

Information about authors:

Tursynbaikyzy Merey – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: mereytursyn888@gmail.com).

Atemova Kalipa Tursynovna (corresponding author) – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru).

Murzagulova Meiramkul Daurenbekovna – Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: miraulan70@gmail.com).

Baibekova Madina Mahmudkhanovna – candidate of Psychological Sciences, associated docent, Academician A. Kuatbekov Peoples' Friendship University (Shymkent, Kazakstan, e-mail: kabdan.94@mail.ru).

Сведения об авторах:

Тұрсынбайқызы Мерей – докторант Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: mereytursyn888@gmail.com).

Атемова Калипа Тұрсыновна (корреспондентный автор) – д.п.н., доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан, e-mail: kalipa_atemova@mail.ru).

Мурзағұлова Мейрамкүл Дәуренбековна – преподаватель Казахского национального университета им.аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: miraulan70@gmail.com).

Байбекова Мадина Махмұдхановна – к.п.н., доцент, Университет дружбы народов им.академика А. Куатбекова (Чимкент, Казахстан, e-mail: kabdan.94@mail.ru).

Келін түсті: 24.08.2025

Қабылданды: 15.05.2026